



«ҚАЗАҚША САЙРА-2014»

Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

Рахимжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтіннің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

Редакциялық алқа:

Бас редактор - Бекет Қарашин;

Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин;

аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;

Құрастырушы - Бекет Қарашин

Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Бейменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

Редакционная коллегия:

Главный редактор - Бекет Карашин,

Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин (Москва)

Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;

составитель – Б. Карашин,

Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых





РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

Отарбаев Рахимжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің аттасесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

Шығармашылығы:

Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амазонкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-

Творчество:

В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

Атақтары:


Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты, халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»

тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

Награды и звания:

Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».





ҚЫР МОЗАЙКАЛАРЫ

Көптен бері кабинет сорып, қырға шықпаған Асекеңнің бүгінгі сапары үлкен мәніске ие еді.

«Ойбай, райком хатшысы келе жатыр!..» десіп, аудандағы қаз-қатар қонған шаруашылық басшылары шаужайласа шауып, біраз шап терлетті.

Несін айтасыз, қырықтың қырқасына енді ғана көтерілген ұзын бойлы, ат жақты, ақсары өңді азамат өз ортасының маңғазы ғой, шіркін!

Жедел киіз үйлер тігіліп, дәм-тұз ұсынысып, үлгере алмай сан соғып қалғандары «Қысқы соғым да келер, сонда алдымен қам жасармыз...» десіп іштей шүкірлік қайырысқан.

МОЗАЙКА СТЕПНОГО ХОЛМОГОРЬЯ

Нынешняя вылазка Асеке, (то есть Аскара), засидевшегося в кабинетной рутине, на просторы степного холмогорья, имела особую подоплеку.

«Э-ге-гей! Секретарь райкома едет!», – понеслась весть и поскакала округа, словно шлея ей попала под хвост; во главе с директорами хозяйств, разбросанных вереницей по всему району.

Эх, что и говорить, – джигит в расцвете сил, – едва взошедший на пик своего сорокалетия, – высокий, скуластый и светлоликий, – был любимцем и фаворитом степняков.

Юрты вырастали как грибы после дождя, дастарханы соперничали местными деликатесами, а не приспевшим к параду оставалось хлопать себя по ляжке и говорить, что «придет пора зимнего согу-ма, вот тогда и попотчует не хуже других!».

Түс ауып, дем басқан шақта Асекең:
– Ай, осы «Көлсай» кеңшарында Қоңырбай деген шопан бар ма өзі? – деп айналасындағыларды таң-тамаша етіп бір сұрақ қойсын.

Кеңшар басшысы райком хатшысымен қатарласып, қарнын сипалай қасып, май басып па, жел қағып па, қызарып кеткен бітік көздерін жыпылықтатып бір тоқмейіл райда тұрған. Мына оқыс сұрақ шаптан түрткендей етті.

– Жалпы бар. Көп қойшының бірі. Биылғы қозы көрсеткіші... – деп сылдырмақ қақтырып келе жатыр еді, қырықтың қырқасына енді көтерілген ұзын бойлы, ат жақты, ақсары өңді маңғаз азаматтың қабағында көктемнің бұлтындай бір көлеңке жүгіріп өтті.

– Жо-жоқ! Жүз саулықтан алған қозысы бізге мәлім. Соның әйелінің аты-жөні кім осы?

Май басып па, жел қағып па, қызарып кеткен бітік көздерін жыпылықтатып тұрған кеңшар басшысы селк ете түсті. Қарауындағы қай қойшының қатынын түгендеп, түстеп танып жүрсін?

Жалт етіп жанында жарқанаттай жабысып тұрған перме меңгерушісіне қараған. Тәпелтек неме де анық білмейтін болып шықты.

– Сары әйел... Оша... Ошаған... Жо-жоқ, – деп қорыққанынан қалтандап майтопыраққа тобығына дейін кіріп кетті.

– Әй, иттің баласы! Алдымен малды емес, адамды тану керек, адамды! – деп зекіген кеңшар басшысы перме меңгерушісін дереу атқа қондырған.

– Асекең екеуіміз қазір Қоңырбай отырған жайлауға жетеміз. Хабар бер. Алдымен жеңгеміздің атын сұра.

Екі етегі делектеп, жау қуғаннан бетер шапқан перме меңгерушісі соңына уыс-уыс май топырақты лактырып қыр асып кетті.



Пополудни, переведа дух от обильного гостеприимства, Асеке, к немалому удивлению окружающих, спросил:

- Интересно, в совхозе «Кульсай» живет чабан по имени Конурбай?

Директор хозяйства, держась поближе к секретарю райкома и часто моргая узкими, красными, не то обветренными, не то замасленными глазками, стоял в благодушном расположении духа. Неожиданный вопрос оказался для него как удар ниже пояса.

– Вообще, да... Рядовой чабан. За текущий год показал по ягням... – Начал было он отчетную бодягу, но по скуластому лицу статного джигита, едва взошедшего на пик своего сорокалетия, будто пробежала тень весеннего облачка.

– Нет-нет! Не о том. Сколько чабан получает ягнят от ста овцематок нам хорошо известно. Интересно, как зовут, имя-отчество его жены?

От неудобности вопроса директор совхоза опять вздрогнул, часто моргая узкими, красными, не то обветренными, не то замасленными глазками. Ведь откуда ему знать и ведать о всех чабанских женах, числящихся в его хозяйстве.

Он машинально посмотрел на своего заведующего фермой, который не отходил от него ни на шаг, как репей прилипший к штанине. Но этот коротышка тоже ничем не мог прояснить ситуации.

– Такая рыжая... Уша, Оша... Оша-ган, не-нет! – бормотал он с испуга, топчась на месте и по щиколотку проваливаясь в рыхлую придорожную пыль.

– Ай, сукин ты сын! В первую очередь не скотину, а людей надо знать в лицо, людей! – ворчал директор совхоза, в попыхах подсаживая своего завфермой на лошадь.

– Мы, с Асеке пока доберемся до летнего пастбища Конурбая, ты, дай ему знать. И, первым делом, узнай как зовут его жену.

Заведующий фермой верхом, пуще бегства от погони, развевая на ветру полы одежды, скрылся за бугром, разбрасывая из-под копыт пригоршнями комья земли.



Асекеңдер мінген ГАЗ-24 «Волга» сай қуалай жүріп, қыр басында отырған Қоңырбайдың алты қанат қараша үйіне түскен.

Отағасы қадірлі қонақтарды қарсы алып, төрдегі таза көрпеге енді жайғастыра бергенде бір бүйірден тасырлаған ат тұяғы мен әлем-тапырық дауыс естілді.

– Әй, Қоңырбай, қатыныңның аты кім, ойбай?! Райком қырып барады, ойбай!

Қараша үйдің көлеңке бет іргесінде тұрған сүттей ақ «Волганы» байқамай, бақырып шапқан перме меңгерушісін кеңшар иесі ат арқасынан жұлып алып, көген басында желкелеп жатты.

Қоңырбай қойшы – алпысты алқымдаса да арыны басылмаған, қуатты жан. Қапсағай бойлы, қалқан құлақ, қырбық мұрт отағасы күнде қолға түсіп жатпайтын қадірлі қонақтарға жас құлын соям деп пышағы мен қайрағына қатар жүгірген. Көптен кабинет сорып, қырға шықпаған Асекең «қой-қойлап» жүріп ерте туған бағланды ғана қанағат тұтты.

– Жеңгеміз ауылда ма?

– Тезек тере кеткен. Келер, – дей салды отағасы ерте шөп тістеген семіз бағланды бабымен бұтарлап жатып.

– Қолғанат болған балалар баршылық қой дейм.

– Өсіп жатыр, – деді Қоңырбай енді сексеуілдің шоғына бағланның басын домалатып үйтіп.

– Нақты саны?

– Құдайға шүкір, баршылық.

– Он бес! – деді кеңшар басшысы осы тұста киіп кетіп. – Баланы топырлатып таптырып-таптырып, енді ырымшыл бола қалуын.

– Рас-ау, – деп отағасы қипақтан күлген болды.

– Жеңгеміздің аты-жөні?

«Волга» секретаря райкома окольным путем, преодолевая ложбины и овраги, наконец, достигла холма, на которой расположилось стойбище и черновая юрта-шестикрылка чабана Конурбая.

Только лишь хозяин стоянки поприветствовал и рассадил многоуважаемых гостей на лоскутные курпешки почетного торя, как откуда-то сбоку слышался топот конских копыт и истошный крик.

– А-ай! Конурба-ай, как зовут жену? Ой-ёй! Райком всех построил, ей-ей!

Глава совхоза, стащив с лошади горлопанившего заведующего фермой, неприметившего белой точно молоко Волги, стоявшей в тени черновой юрты, колошматил его прямо у овцевязи.

Чабан Конурбай, несмотря на то, что преодолел шестой десяток, был еще бодр и энергичен. Рослый, с оттопыренными ушами и щетиной усов, хозяин семейства, желая по-особому угостить уважаемых гостей, не каждый раз попадающих ему в руки, бешбармаком из мяса годовалого жеребенка, побежал за ножом и точилом одновременно. И Асеке, засидевшийся в кабинетной рутине, насилу отговаривая от этой затеи, скромно довольствовался барашком раннего окота.

- А старшая сестра наша в ауле?

– Ушла кизяк собирать на растопку. Придет, – ответил хозяин юрты, скоро разделявая тушку жирного барашка.

- Как вижу подрастают у вас помощники.

- Растут, – протянул Конурбай, уже опаливая над саксаульными углями голову барашка.

– Сколько у вас детей будет?

- Не обижены, слава богу!

- Пятнадцать! – вмешался, раздражаясь, руководитель совхоза. – Наштамповал целую ораву – одного за другим, а теперь иш какой суеверный!

– И то правда, – усмехнулся в усы хозяин.

– Как же имя-отчество нашей тетушки?



– Әй, қатын... – деп айналасын сипалап еді, мана сәскеде тезек тере кеткеннен әлі келе қоймағаны есіне түсті.

– Ожанкүл Быжыбайқызы, – деп әкесіне көмекші шопан боп отырған сары собалақ ұл құтқарып кетті.

– Мәселе былай! – деді ақыры қызыл бауырсақтың шетін ғана тістеп, күрең шайды баппен ұрттап отырған райком хатшысы.

– Одақ бойынша есеп жүргізсе, бір құрсақтан өрбіген он бес бала тек осы шаңырақта екен. Өзіңіз беделді шопансыз. Аулақта мал ішінде өсіп, жеңгеміз тиісті құрметтен де құралақан қалыпты.

Алдағы аптада Ожанкүл Быжыбаевна екеуіміз Мәскеуге жүреміз. Бас хатшы Брежнев жеңгемізге «Батыр Ана» алтын белгісін өз қолымен табыстайды. Ал Ожекең рахмет айтып жауап сөз сөйлеуі тиіс. Бұл хаттама аса мәртебелі мекемеде бекітіліп кеткен.

Қоңырбай сасқалақтап, аузы кесесін таба алмай қалды.

– Ойбай, той жасаймыз. Ат шаптырамыз, – деп қомпылдап кеңшар басшысының құйрығы тіпті көрпеден шығып кетті.

Осы кезде көктемгі жас жапаның қызығына түсіп қанар қапты нығарлап, оны кендір жіппен екі қолтықтан қолтырмаштап алған Ожанкүл де ошақ басына жеткен.

Үйде бұрын-соңды бас сұқпаған қадірлі қонақ басын сезіп, қанардан тездетіп босана қояйын десе, қолтықтағы жіп нығыздалып қалыпты, жіберер емес.

Өрлі-берлі сілкініп тулап еді, қанар басып кетіп тура шалқасынан түссін. Етегі басына кептеліпті. Қонақ күтем деп сүрініп-жығылып жүрген келінкепшік енесінің мына жатысын аңдамапты.



– Әй, хатын!.. – позвал чабан, оглядываясь по сторонам, но вспомнил, что перед полуднем она пошла за кизяком и, как видно, еще не вернулась.

- Ожанкуль Божебаевна! – выручил рыжеволосый, долговязый сынишка, являвшийся уже помощником отца-чабана.

- Вопрос состоит в следующем! – сказал, наконец, секретарь райкома, испробовав от румяного баурсака и испив ароматного, густого чая со сливками.

– По статистике, выверенной по Союзу, выходит, что лишь в данной семье женщина народила пятнадцать детей. Вы – глава семьи – авторитетный чабан совхоза. Мать же стольких детей отстранена от благ цивилизации. На протяжении жизни занимаясь животноводством, она даже лишена заслуженного ею почета.

Мы с Ожанкуль Божебаевной на предстоящей неделе едем в Москву. Генеральный секретарь партии Брежнев вручит нашей труженнице золотую медаль – «Мать героиня». Она, в свой черед, должна будет держать ответное слово и поблагодарить! Этот протокол утвержден уже в самых высших инстанциях.

Конурбай от подобного новости так растерялся, что не мог найти рта хлебнуть глоток остывшего чая.

– Уах-уах! Пир горой закатым! Скачки устроим! – оживился руководитель совхоза, раздвигая от удивления щеки и сползая с одеяла на пол.

К тому времени к очагу подросла и Ожанкуль. Увлечшись собиранием не просохших весенних лепешек, она до отказа набила ими холщевый мешок, обвязала с обоих концов шпагатом и взгромозила себе на спину.

Почувствовав, что у них ранее нос неказавшие высокие гости, она хотела поскорее освободиться от ноши, но шпагат стянул её руки в подмышках, и не отпустил.

Попыталась туда-сюда потрясти и скинуть, но канарский мешок перевесил и она опрокинулась навзничь, зарывшись в подоле с головой. Меж тем, невестки и молодухи, занятые обслуживанием



– Зәніңді!.. Ит жегір! Тірілей өлтіресіңдер ме?
– деген маңқа дауысқа алдымен қадірлі қонақ елең етті. Артынша бала-шаға жүгірісті. Киіз үйдің алдына, қарсы бетке тігілген ошақ басынан әуірімнің күшімен босаған Мәскеудің болашақ делегаты қымсынған жоқ, бағланның былқылдап піскен етіне енді қол сала бастаған қонақтарға қарай төте тартты.

Етке онша сұғынбай, екі саусақ ұшымен шекіп қана отырған Асекең бір аптадан кейінгі сапарласының түр-түсіне сынай көз тастап өткен.

– Апырым... Мынау қалай өзі?.. – Мана кеңшар басшысынан естіген, жас кезінде жайлаудан қыстауға көшеміз деп жүргенде асау тайлаққа мініп, онысы түлкіден үркіп жеңгеміздің мойны майысып қалған деп. Қараса, жай майысу емес, бас оң иыққа біржола қонақтап жатып алыпты. Тұтам шаш жоқ, ұстарамен су салып сыпырып тастаған.

– Бұлар көктем шықса болды, бит пен кенеден қашып шаш қоймайды, – деп кеңшар басшысы оны да жағалап өткен.

Шаштан ада, мойыннан ұятты... Ескінің көзі, иықты жез самаурындай жеңгеміздің енді аяғына бір қырындап көз сүзген. Арасынан ала төбет алаңсыз жүгіріп өткендей.

Райком хатшысының көңілін оқып отырған кеңшар басшысы май басып па, жел қағып па, қызарып кеткен көздерімен, осының бәрін бүлдіріп жүрген сен ғой дегендей, дастарқан шетінде ілініп отырған Қоңырбайға оқшырая қарады.

Қоңырбай қысылғансып, барымыз осы енді дегендей, кереге көзін тінтіп, желкесін қасыды. Мәскеу хабарын естігенде Ожанкүл Бьжыбаевна:

– Мәш-шаған! – деп маңқ етіп күліп жіберді. Мұрындағы моншақ төгіліп түсе жаздады.



гостей, вовсе и не заметили, в каком положении оказалась свекровь.

– Ох, твой дусу мать!.. Собаший корм! Зивьем меня закопать? – выругалась она, и на её гундосое произношение первым отреагировал самый уважаемый гость. Затем спохватились и все остальные. Насилу сбросив груз у летней печи напротив входа в юрту будущий московский делегат, без капли смущения, прямоком направилась к гостям, которые запускали уже пальцы в сочное мясо молодого барашка.

Особо не налегая на трапезу, а лишь еле пощипывая блюдо двумя пальцами, Асеке, непроизвольно окинул взглядом облик предстоящей спутницы.

О, боже, как это?.. Лишь минуту назад директор совхоза рассказал ему, что в молодые годы во время перекочевки с летнего пастбища на зимнюю стоянку, она взобралась на необъезженного верблюда-двухлетку. По дороге тот шарахнулся от лисы, выскочившей под ногами и, таким образом, оставив её навсегда кривошеей. И сдается, непустяковое было искривление – голова просто переселилась на правое плечо. Ни единого клочка волос: убрано обычной опаской.

– Как только наступает весна, спасаясь от клещей и вшей они сбрасывают подчистую волосы, – предупредил его все тот же глава хозяйства.

Прическа отсутствует, шею не показать... Боковым зрением скользнул по ногам плечистой, будто антикварный медный самовар, женщины. Промеж них мог свободно проскочить пегий пес-алабай.

Директор совхоза, внимательно следивший за каждой переменной настроенной секретаря, часто моргая узкими, красными, не то обветренными, не то замасленными глазками, укоризненно глянул на Конурбая, приткнувшегося к краю скатерти, как бы упрекая, что всё это он понапортил.

Конурбай, делая сконфуженный вид, как бы ответствовал, мол, принимайте уж как есть и, почесав затылок, уставился на решетчатый свод.

– Вот так на чебе!.. – прогунявила Ожанкуль Бьжебаевна, не в силах сдержать восторга, когда услышала о своей поездке в Москву. При этом едва



– Орысшаңыз қалай еді?

– Үшінші класқа дейін үздік оқығам. Сосын...

– Оттапсың! Үшіншіде бес жыл отырып әріп ажырата алмаған соң әкең маған байға беріп тынған жоқ па?..

Өзіне қарсы домалап келе жатқан заңның бір тармағын көріп қалғандай баж ете түскен қалпы Қоңырбай орнынан ырғып кетті.

– Жолға дайындалыңыз, – деді Асекең аттанар алдында жеңгесіне. – Ал бәріне жауапты өзіңіз! Кеңшар басшысының май басып па, жел қағып па, қызарып кеткен көздеріне райком хатшысы сұқ саусағын безеді. «Көлсай» кеңшарында сол сұқ саусақтың пәрменімен күндіз-түні алашапқын басталды дерсіз.

Ожанкүлдің аузын аштырып көрсе, төменгі тістері жым-жылас, қызылиек. Жоғарғы жағында екі азу қылтияды. Оның арасының өзі ат шаптырым. Дереу ауданнан тіс салатын стоматолог жеткізілді. Қас пен көздің арасында, орысша сауатын ашасың деп, орта мектептен мұғалім алдырылды.

Шашын ретке келтіресің деп шаштараз келтірілді. Ұялмайтындай етіп соңғы модамен киім тігетін, бармағы майысқан шебер тігінші табылды.

Уақыт тығыз. Сағат санап қысып барады. Күн сайын істің нәтижесін Асекеңе хабарлап отыру ләзім. Жанын аузына тістеп шапқан кеңшар басшысы ақыры Қоңырбайдың төрінде бір жамбастап жатып алып, бар іске дирижерлік жасады да отырды. Жасағаны бар болсын!

– Екі азудың арасын екі күнде немен бітеймін? – деп стоматолог бажылдайды.

– Уақытша бірдеңе қыл енді. Еңбегіне қозылы қой берем. Тіпті болмаса сол екі азудың арасын түйенің көн терісімен болса да бітеп, байлап бер.



не обронила бусинка, накатившаяся под нос.

- Ну, а как ваш русский?

- До тречева клаша училась хорошо. Прощта...

– Болтаешь! Читать путем не могла, сидя пять лет в третьем классе. Не потому ли, отец твой успокоился только выдав за меня замуж?..

Конурбай вдруг вздрогнул всем телом, точно ему привидилось, как одна рогатая статья закона, пыталась поддеть его вверх тормашками.

– Готовьтесь в дорогу, – сказал Асеке, собираясь в обратный путь. – Вся ответственность ляжет на вас! Секретарь райкома направил указательный палец на руководителя хозяйства, часто моргающего узкими, красными, не то обветренными, не то замасленными глазками. Сила подобного указующего пальца была тогда настолько велика, что в совхозе «Кольсай» предпринялось целое столпотворение.

Обследование рта Ожанкуль показал, что нижний ряд отсутствует полностью, наверху же сохранились два коренных, между которыми тоже приличное расстояние. Из районного центра в спешном порядке был доставлен стоматолог. Для ведения курса русского языка назначена молоденькая учительница средней школы.

Для создания подобия прически приглашен был и парикмахер. Подыскался и искусный портной, шьющий по моде, и в одежде которого не стыдно было выйти в люди.

Время поджимало. Счет почти пошел на часы. О ходе подготовки ежедневно полагалось докладывать первому. Припертый к стенке директор совхоза, в конце концов, захватил у Конурбая его почетный угол и дирижировал происходящим прямо на месте. Однако видимых результатов не было.

– Что я могу поставить на две десны за два дня?! – ворчал стоматолог.

– Ну, сделай что-нибудь на время. За труд тебе дам овцу с ягненком. Нарисуй, привяжи ей зубы хоть из жесткой верблюжьей кожи. Сверху покрась,



Сыртын сырлай сал. Давай, тез!

Тез іс она ма, күшпен тартам дегенде бір азуы жұлынып кетті. «Енді еш қайран жоқ» деген «қаралы» хабар райком хатшысын да кабинетінде тыныш отырғызар болмады.

– «Здрас...» дегеннің өзінде бетінді түкірігі көміп кетеді. Тіпті ұшынып өлер болдым. Құтқара көріңіз, – деп мектепке биыл келген инеліктей жас қыз шыр-шыр етіп жылайды.

Шаштараз болса тұтам шаш жоқ, ұстарамен су салып қырып тастаған басты әрі домалатып көріп, бері домалатып көріп терең күрсінді.

– Парик жасап кигіземін. Әйтпесе жоқ!

Жалма-жан ауданнан қиылған шаш жинатқан. Түнімен тоқыған парикті алып-ұшып жеткізген. Кигізіп көрген.

Түлкіден үркіп жығып кеткен асау тайлақтың кесірінен оң иыққа бауыр басып қалған бас парикті қабылдамады. Қалай кигізсе де жұлым-жұлым боп, алды артына айналып кете береді.

Тіпті сол парикті киноі мұң екен, күнде саудырып жүрген бұзау, ботаға дейін әзірейіл көргендей көген үзіп қашып, ауылға жоламай қойды.

Қозылы қойы тегін кетіп бара жатқан соң:

– Қалпақ бұйым емес. Жел лүп етсе бітті, төбенді сипап қаласың. Мынау бір күн өткізбес оңды киім екен, әкел маған, – деп Қоңырбай ат үстінде қоқырайтып киді де алды.

Бармағы майысқан шебер ғана панбарқыт матадан жағасын жаялықтай етіп тобық қақтырып көйлек тікті. Асекеңе ол да ұнай қойған жоқ.

– Мынау не нәрсе? Аузын бұған қанар құсаған... – деп біраз сұрланды.

подшамань. Давай, пошустрее!

Но быстро, – не значит, что хорошо. Перетянул он чуть посильнее и один коренной взял да выскочил. Черная весть, что теперь ничего нельзя поделывать, не давала покойно сидеть и секретарю райкома.

– Забрызжет слюной уже при слове «здрас-с-те!...». Меня озноб берет. Избавьте, пожалуйста! – хнычет тоненькая, как стрекоза, училка, прибывшая в школу только в этом году.

В свою очередь тяжело вздохнул и парикмахер, повертев и так, и эдак голову без единого клочка волос, убранных обычной опаской.

– Будем делать парик. Иначе никак!

Тут же организовали сбор волос по району. За ночь сшили парик и без промедления доставили его по назначению. Сделали попытку одеть.

Голова, переселившаяся на правое плечо по вине необъезженного верблюда, принимать парик не хотела. Как бы не пытались его пристроить, он торчал космами и норовил вывернуться передом на зад.

Выходить даже к скотине было чревато: до чего привычные к ручной кормежке телята и верблюжата, точно завидев азраила, обрывая привязь, разбегались врассыпную и не подходили больше близко.

Тогда, жалея, что задаром уходит овцематка с приплодом Конурбай заявил:

– Колпак – это не дело. Стоит подняться ветерку, останешься с голой лысиной. А это, я смотрю, вещь удобный, и солнце не пропускает. Дай-ка его сюда, – сказал и нахлобучил вздыбленный парик, не слезая с лошади.

Один искусный портной, шьющий по моде, сшил из панбархата платье до щиколоток с отложным, как опахало, воротом. Асеке, правда, оно не приглянулось.

– На что это похоже? – расстроился он, меняясь в лице. – Ни дать, ни взять – завязанный канарский мешок!



– Осы Мәскеуге Қоңырбайдың өзін апарсаңыз қайтеді? – деді әбден діңкесі құрыған кеңшар басшысы.

– Не деп?

– Әйелі қатқыл науқас дерсіз. Қазақта «ана сүті, ата күші» деген бар...

– Жоғал, оңбаған! – деп райком хатшысының жан даусы шықты. – Еркекке бала таптырғаныңның байғазысы деп медаль бергенді қай атаңнан көрдің?! Айласының түрін!

Амал жоқ, жанына үшінші ғып он шақты жылдан бері қызметтес келіншек Гүләймді ерте кеткен. Мәскеуге жетісімен райком хатшысы мен қызметтес келіншек ГУМ-ды асықпай аралап, Ожанкүл Быжыбаевнаға шалбар сатып алып кигізген. Оқсамады. Әлгі арасынан алаңсыз жүгіріп өтетін ала төбеттен айналып кеткендей екенсің...

Кремльдегі марапат көп күттірмеді. Бұл жолы Брежнев Одақ көлеміндегі тек әйгілі әйелдердің басын қосқан екен.

Екі келіншекті екі жағында қырағы ұстап тұрған Асекең «Қазақстаннан...» деген хабарды естіген бетте жаны қысылып, Гүләймді алға ұмсындырып жіберді.

Леонид Ильич сұңғақ та сұлу, сәмбі талдай майысқан Гүләймді көргенде нұрланып сала берді.

– Көрдіндер ме? – деді мээ-мейрам болып айналасындағы орден-медалін ауырсынып тұрған шал-шауқанға қарап.

– Жап-жас! Ал өзі он бес баланың анасы! Және қой өсіреді.

Сөйтті де, қаз-қатар тізіле қалған Сібірдің ақ қайындай аруларының, Балтық бойы бекбикелерінің, Шығыс гөзалдарының алдынан Гүләймді қолтықтап мақтанышпен әрлі-берлі жүріп өтті.

– Неткен бақыт?! – деді сосын тоқтай қалып көңілшек жан. – Сіздердей еңбекқор келіншек-



– Что если вам повезти в Москву самого Конурбая? – робко предложил изрядно измотавшийся директор совхоза.

- С какой это стати?

- Скажете, жена его шибко прихворала. Говорят же, – если от матери молоко, то от отца – сила...

– Уйди прочь, кретин! – прикрикнул в сердцах секретарь райкома. У какого деда-прадеда ты распал такой обычай, чтоб мужчине, как подарок за обновку, вручали медаль за произведение на свет ребенка? Нашел же, чего предложить!

Выхода не было, и глава района взял третьей свою сотрудницу, с десятков лет работающую бок о бок, молодую женщину по имени Гуляим. По приезду в Москву секретарь райкома и его сослуживица осмотрели неспешно ГУМ и заодно приобрели какие-то брюки Ожанкуль Божебаевне. Не подошли. То что мог проскочить пегий пес-алабай было еще полбеда...

Награждение в Кремле не заставило долго ждать. На сей раз Брежнев собрал самых достойных в Союзе женщин. Когда объявили представительницу из Казахстана, райком Асеке, четко державший под локоток двух женщин с обеих сторон, внезапно стушевался, и подал вперед Гуляим.

Леонид Ильич, завидя высокую, красивую и гибкую, словно ива, Гуляим, засиял в благорасположенной улыбке.

– Вы, видите?! – восторженно сказал он, окинув взором дряхлеющую публику, отягощенную орденами и медалями.

– Еще совсем молодая! А уже мать полутора десятка детей! К тому же, разводит овец!

Затем, он взял Гуляим под руку, и они медленным торжественным шагом прошли вперед и назад перед стройными рядами нарядных и белых как березки сибирячек, строгих дев Балтии и ярких восточных шахерезад.

– Всё-таки великолепно! – сказал, приостанавливаясь, расчувствовавшийся Генеральный се-



теріміздің арқасында біздің еліміз өркендеп те, жасарып та барады емес пе? Есіміңіз?

Тосылыңқырап барып:

– Гүләйім, – деді бұл.

– Фамилияңыз?

– Желдербаева.

– Әкеліңдер құжатты! Мұндай аяулы жан үшін қазір өз қолыммен толтырамын.

Қырмызы қызыл дүние қолдан сусып бара жатқан соң оңай ма:

– Ошы... Ожан... – деп Быжыбаевна бірер мәрте алға ұмтылып еді, бірақ райком хатшысының қуатты қолы шынтағынан тас қып ұстап жіберер болмады.

Марапат бітісімен Сібірдің өңкей сылқым келіншектері мықындары былқылдап өздері дайындап келген орыстың бірер халық әнін сызылтты. Саяси Бюро мүшелері әрқайсысына көзін аударып-төңкеріп шат-шадыман күйге енді.

Мына ду арқасын қоздырған жеңгеміз:

– Мен ендеше «Маусымжанды» айтамын, – деп өңмендеп баққан. Қай-дан...

– Әй, қатын, әкел алтынымды! – деді бұл қайтар жолда поезға отырар-отырмастан шаптығып.

– Үлкен кісінің лебізіне қалай түсіп қалғанымды өзім де білмеймін... Бұл енді менікі. – Байың жоқ! Екі шұнақ балаң бар, – деп соншама әуремен атаксыз қалған жеңгеміз, ендігі жерде тайынарым жоқ дегендей, шап беріп Гүләйімның өңіріне жармасқан.

– Мәселе былай, – деп райком хатшысы табан астында саяси шешім қабылдап жіберді. Алтын белгіні алды да, Ожанкүл Быжыбаевнаның аузын

кретарь. – Не правда ли, что благодаря вот таким трудолюбивым женщинам как вы, наша родина становится краше, молодеет, и год от года, пребывает! А как вас зовут?

На минуту замешкав, она ответила:

– Гуляим.

- А фамилия?

– Желдербаева.

– Несите документ! Я, в честь этого милого создания, заполню бланк самостоятельно.

Легко ли промолчать, когда на глазах ускользает кровная награда, как вода сквозь пальцы?!

– Это ж... Ож-Ожан!.. – пыталась выставить себя вперед Ожанкуль Божебаевна, но крепкая рука секретаря райкома держала её как в тисках.

По завершении церемонии хор грациозных сибирских красавиц, как и требовалось по регламенту, исполнил несколько русских народных песен, плавно покачиваясь в такт музыкальной волне. Члены Политбюро, не отрывая глаз с их писанных прелестей, пребывали в приподнятом и даже игривом расположении духа.

Раззадоренная невиданным чествованием наша аульная мать порывалась тоже принять участие:

– Я, если на то пошло, спою «Маусымжан»! – Но, как говорится, куда уж там...

– Ай, сушка, мой золото давай! – не на шутку осерчала она на обратном пути перед посадкой в поезд.

– Я сама не знаю как заслужила внимание большого человека... Теперь это мой! Твой муж – нет! Два корноухий мальшик – есть! – сказала она и вцепилась в лацканы Гуляим, давая понять, что оставшись без звания после стольких хлопот, далее уступать не собирается.

- Стойте! Дело не в другом! – спохватился секретарь райкома, принимая тут же политически верное решение. Затем он взял и собственноруч-



буған қанардай көйлегіне көтеріңкі ғып өз қолымен қадады.

– Ал құтты болсын! Құжат болса, Гүләйімжан, сенің атыңа толтырылып кетті. Сондықтан Орталықтан он бес балаға төленер көмекті өзің алып отырсың. Келістік пе?

– Мейлі. Шалым аман болсын, – деп жеңгеміз маңқ етіп күліп жіберді. – Шын алтын. Жылт-жылт етеді. Мәш-шаған!

– Ойбай, той жасаймыз! Ат шаптырамыз! – десіп кеңшарлықтар біраз жырғады.

Кремльді көріп қайтқан Ожанкүл жеңгеміздің «Брежневке үй деп айттым, бүй деп айттым!» деген сөздері абысындары айтқызған сайын тіпті түрлене түсті.

Ол енді басқа әңгіме!

но как можно выше прикрепил Золотую звезду к мешковато сидящему платью Ожанкуль Божебаевны.

- Ну, поздравляю вас! Так уж получилось, документ заполнен на тебя Гуляимжан. Поэтому, пособие, полагающееся на пятнадцать детишек, будешь получать сама. Надеюсь, устраивает?

- Шут с ним! Мой штарики был бы жип-здароп! – сказала настоящая мать-героиня, и рассмеялась, расплывшись почти в детской улыбке. – Шесно золотой? Прямо сильно блестит как... Вот тебе на!.. - Ой-хой! Пировать будем! Байгу-скачку устроим! – вкушали простые жители совхоза.

А рассказы Ожанкуль Божебаевны, увидевшей Кремль, о том как встречал их сам Брежнев, и том, что она «ему, послушай, сказала!», и ещё «посмотри, дорогой наш, сказала!..» с каждым новым распросом её снох, становились всё красочней.

Но это уже другой разговор!

Примечания:

Асеке – сокращенная, бытовая форма обращения к старшему по возрасту или положению, когда к первому слогу имени собственного добавляются частицы – «ке, ка, еке, ека, ака». Например: Аскар – Ас-еке; Асет – Асе-ке; Рахман – Ра-ке или Рака и т.п.;

Торь – почетное место в доме или юрте, предназначенное для гостей или старших по возрасту.

Согул – забой скота на мясо в предзимний период времени.

Беибармак – казахское национальное мясное блюдо.

Баурсаки – подобие казахских пончиков разнообразной формы, жареных в масле.

Азраил – ангел смерти, страшилище.

